

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫН АРТТЫРУ – БАСТЫ МІНДЕТ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ САПА-СЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ АЗАМАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ – МЕМЛЕКЕТ-ТІК САЯСАТТЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫНЫҢ БІРІ.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024–2029 жылдарға арналған тұжырымдама-сы негізінде азаматтарға бағыттал-ған сервистік мемлекеттік аппарат қалыптастыруға ерекше көңіл бө-лінуде.

Қазіргі әлемдік практикада мемлекеттік қызметтің сервистілік және клиентке бағдарлану қағидат-тарына негізделген моделі айтар-лықтай белсенді дамуда.

Мемлекеттік қызметтің сервис-тілік және клиентке бағдарлану қағидаттарына негізделген моделі-нің негізінде бір жағынан, ел аза-маттарының, екінші жағынан, мемлекеттік қызметтің өзара мін-деттемелерін бекітетін нормалар қамтылады.

Осы бағытта Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маң-ғыстау облысы бойынша депар-таменті мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетілдіру және олар-ды көрсету тәртібін қолданыстағы заңнама талаптарына сәйкестен-діру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізіп келеді.

Аталған жұмыстар аясында «Еңбекші көшіп келушіге рұқсат-тар беру, ұзарту және кері қайтарып алу» мемлекеттік қызметін көрсету барысында нормативтік талаптар мен ақпараттық жүйеде көзделген

мүмкіндіктер арасында сәйкес-сіздік анықталды.

Атап айтқанда, Қазақстан Рес-публикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2022 жылғы 15 сәуірдегі №123 бұй-рығымен бекітілген Қағидалардың 36-тармағында еңбекші көшіп кел-ушіге берілген рұқсатты кері қай-тарып алудың бір ғана негізі көз-делген болатын.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қол-данылатын «Шетелдік жұмыс кү-ші» ақпараттық жүйесінде рұқсат-ты кері қайтарып алудың бірнеше негізі қарастырылған. Олардың қатарында уәкілетті органдардың тиісті актісі, жарамсыз құжаттарды ұсыну, Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу, еңбек шартының бұзылуы, сот шешімі және басқа да жағдайлар қамтылған.

Яғни, нормативтік құжатта көз-делген талаптар мен ақпараттық жүйеде қарастырылған мүмкін-діктердің арасында айырмашылық болған. Мұндай сәйкессіздік мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтық түсініспеушіліктерге, қызмет көрсету тәртібін әртүрлі түсіндіруге және қызмет алушы-лардың құқықтарын іске асыру барысында қиындықтарға әкелуі мүмкін.

Осы мәселені шешу мақса-тында Департамент мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді жетіл-діру бойынша тиісті ұсыныс енгі-зіп, «Еңбекші көшіп келушіге рұқсатты кері қайтарып алу» мем-лекеттік қызметінің кіші түрі бой-ынша Қағидалар талаптары мен ақпараттық жүйедегі мәліметтерді өзара сәйкестендіру қажеттігін ұсынды.

Аталған ұсыныс қолдау тауып, тиісті өзгерістер енгізілді. Нәти-

жесінде «Еңбекші көшіп келу-шіге рұқсаттар беру, ұзарту және кері қайтарып алу» мемлекеттік қызметін көрсету тәртібіндегі нор-мативтік талаптар ақпараттық жү-йеде көзделген мүмкіндіктермен сәйкестендірілді.

Енгізілген өзгерістер, ең алды-мен, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде құқықтық айқындықты қамтамасыз етуге, мемлекеттік органдардың жұмысын өзара үйлестіруге және қызмет алу-шылардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, нормативтік талаптар мен ақпарат-тық жүйелердің өзара сәйкестігі мемлекеттік қызмет көрсету процесін барынша түсінікті, ашық әрі бірізді етуге ықпал етеді.

Мемлекеттік қызметтерді жетіл-дірудің негізгі мақсаты – тек нор-мативтік талаптарды өзгерту неме-се ақпараттық жүйелерді жаңарту ғана емес. Ең бастысы – азаматтар мен өзге де қызмет алушылар үшін мемлекеттік қызметтерді түсінікті, қолжетімді және тиімді ету.

Осы ретте мемлекеттік қызмет көрсету саласындағы құқықтық нормалар мен цифрлық құрал-дардың өзара үйлесімді жұмыс істеуі – сапалы мемлекеттік қызмет көрсетудің маңызды негіздерінің бірі.

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін жетілдіру, құқықтық айқындықты қамтамасыз ету және қызмет алушылардың құқықтарын қорғау бағытындағы жұмыстар ал-дағы уақытта да жалғасын табады.

Тoқтaмыc ЖҰМАҒҰЛОВ
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.

ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР КЕЗЕҢІ

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТІ ТУРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ 2026 ЖЫЛҒЫ 1 ШІЛДЕДЕН БАСТАП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ. ЖАҢА ЗАҢДА ЖАСТАРДЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ЕРТЕ АРАЛАСУЫНА ЖӘНЕ КӘСІБИ ТҰРҒЫДАН ҚАЛЫПТАСУЫНА МҮМКІНДІК БЕРЕТІН МАҢЫЗДЫ ТЕТІКТЕР ҚАРАСТЫРЫЛҒАН. ОНЫҢ НЕГІЗГІ МАҚСАТЫ – МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕ ҚАЖЕТТІ БІЛІМІ МЕН ДАҒДЫСЫ БАР ЖАС МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАП, ОЛАРДЫ ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУГЕ БАҒЫТТАУ.

Мемлекеттік қызметке кәсіби әрі білікті кадрларды тарту мақсатында азамат-тарды мемлекеттік қызметке кіруге даярлаудың жаңа жүйесі қарастырылған.

Жүйе екі бағытты қамтиды: төменгі лауазымдарға ерте кәсіптік бағдарлау арқылы даярлау және басшы лауазымдарға даярлау.

Бірінші бағыт бойынша азаматтар бакалавриат бағдарламасында білім ала отырып, мемлекеттік қыз-метке қажетті кәсіби дағдыларды, құқықтық мәде-ниетті, қазақстандық патриотизм мен қызметтік әдеп қағидаларын меңгереді. Даярлықты аяқтаған азаматтар оқуын бітіргеннен кейін екі жыл ішінде кон-курссыз жергілікті атқарушы органдардағы төменгі лауазымдарға орналаса алады.

Екінші бағыт басшы кадрларды даярлауға ба-ғытталған. Бұл бағдарлама бойынша азаматтар Қа-зақстан Республикасы Президентінің жанындағы білім беру ұйымдарында магистратурада оқиды. Даярлықты аяқтағандар белгіленген тәртіппен орталық мемлекеттік органдарда және жергілікті атқару-шы органдарда басшы лауазымдарға орналасу мүм-кіндігіне ие болады.

Бұл ретте білім алушылар оқуды аяқтағаннан кейін үш жыл ішінде мемлекеттік қызметте жұмыс-пен өтеу міндеттемесін қабылдайды. Міндеттемелер орындалмаған жағдайда бюджет қаражаты есебінен оқуға жұмсалған шығыстарды өтеу көзделеді.

Жастар үшін заңда мемлекеттік қызметке ор-наласудың жаңа мүмкіндігі де қарастырылған. Бұған

дейін қолданыстағы заңнамаға сәйкес, конкурссыз мемлекеттік қызметке орналасу мүмкіндігі негізінен мемлекеттік тапсырыс шеңберінде білім алған үздік түлектерге берілсе, қазіргі заң талаптарына сәйкес бұл мүмкіндік кеңейтілді. Енді жоғары оқу орнын ақылы негізде аяқтаған, оқу нәтижесі жоғары және GPA көрсеткіші 3,33-тен төмен емес үздік түлектер де оқуын аяқтаған күннен бастап бір жыл ішінде еңбек өтілін талап етпейтін аудандық және ауылдық деңгейдегі мемлекеттік әкімшілік лауазымдарға кон-курстан тыс тағайындала алады.

Бұл өзгерістер жас мамандардың мемлекеттік қызметке келу жолын жеңілдетуге бағытталған. Яғни жоғары оқу орнын жақсы аяқтаған, білімі мен кабі-леті бар жастар үшін мемлекеттік қызметке алғашқы қадам жасауға қолайлы жағдай жасалмақ.

Ең бастысы – бұл мүмкіндік жастарға ғана емес, мемлекетке де тиімді. Себебі елдің болашағын ой-лайтын, заманауи білімді және кәсіби мамандардың мемлекеттік басқару жүйесіне ерте келуі мемлекеттік қызметтің сапасын арттыруға ықпал етеді.

Бүгінгі студент – ертеңгі маман. Ал осындай бағдарламалар сол жастың өз қабілетін ел игілігіне жұмсауына нақты жол ашады.

Тoқтaмыc ЖҰМАҒҰЛОВ
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Маңғыстау облысы бойынша департаментінің басшысы, Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы.



№70/10577/ 18 тамыз 2026 ж.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«АСК групп Ақтау» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес 2026 жылғы 21 қыркүйекте сағат 11:00-де, Маңғыстау облысы, Қарақия ауданы, Жаңаөзен қаласы, «Мұнайшы» мәдениет үйі мекенжайы бойынша «Асфальт-бетон зауытын (АБЗ) салу» объектісі бойынша ықтимал әсерлер туралы есепті талқылау жөніндегі ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоғамдық тыңдаулардың бірыңғай экологиялық порталындағы <https://ndbecology.gov.kz/> «Жарияланған қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында – Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=kk> сайтында танысуға болады.

Аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (ҚР, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 1-ғимарат) келесі электрондық поштасына жолдауға болады: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com.

Қосымша түрде келесі сілтеме арқылы ZOOM платформасында онлайн режимде қатысу мүмкіндігі қарастырылған: <https://us06web.zoom.us/j/82438004200?pwd=arFchsW0maKCCFJ5S5PecAntoOayniF.1>

Конференция идентификаторы: 824 3800 4200

Кіру коды: 003931

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «АСК групп Ақтау» ЖШС, БСН: 160440022175, телефон: +7 775 262 8070.

Жобаны әзірлеуші: Арустамова Е.Р. ЖК, Ақтау қ., 14-22-50, тел. +7 7701 367 80 71, әп. пошта: a.ekaterina14@mail.ru.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі арқылы алуға болады: a.ekaterina14@mail.ru, +7 (701) 367 80 71

Учаскенің географиялық координаттары: 43°19'25.37"С, 52°48'11.57"В

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 43°19'5.12"С, 52°49'34.59"В

ХАБАРЛАНДЫРУ

«КаспийТасЖол» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабының талаптарына сәйкес, 2026 жылғы 22 қыркүйекте сағат 15:00-де, Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Маңғыстау ауылдық округі, Маңғыстау ауылы, 24-орам, 32-ғимарат, Ф. Оңғарсынова атындағы Мұнайлы аудандық мәдениет үйі мекен-жайы бойынша «Маңғыстау облысы, Ақтау қаласындағы «Ақтау теңіз порты» АЭА, №3 субаймақ, 8/1 учаскеде асфальтбетон зауытын (АБЗ) реконструкциялау және жаңғырту» нысаны бойынша ықтимал әсерлер туралы есепті талқылауға арналған ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоғамдық тыңдаулардың бірыңғай экологиялық порталындағы <https://ndbecology.gov.kz/> «Жарияланған қоғамдық тыңдаулар» бөлімінде, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында – Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=kk> сайтында танысуға болады.

Аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Маңғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (ҚР, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14-ша, 1-ғимарат) келесі электрондық поштасына жолдауға болады: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com.

Қосымша түрде келесі сілтеме арқылы ZOOM платформасында онлайн режимде қатысу мүмкіндігі қарастырылған: <https://us06web.zoom.us/j/83584452334?pwd=ftkqLMrobcCaOdULm1SrLAnJ9u6QTTQ.1>

Конференция идентификаторы: 835 8445 2334

Кіру коды: 716919

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «КаспийТасЖол» ЖШС, БСН 131140001047, телефон: +7 775 262 8070.

Жобаны әзірлеуші: Арустамова Е.Р. ЖК, Ақтау қ., 14-22-50, тел. +7 7701 367 80 71, әп. пошта: a.ekaterina14@mail.ru.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық пошта мекенжайы мен телефон нөмірі арқылы алуға болады: a.ekaterina14@mail.ru, +7 (701) 367 80 71

Учаскенің географиялық координаттары: 43°39'34.70"С, 51°18'21.10"В

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 43°40'30.72"С, 51°18Учаскенің географиялық координаттары: 43°40'3.40»С, 51°19'37.19»В

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 43°40'9.44"С, 51°20'38.90»В 10.47"В

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Тамшалы Компаниясы» ЖШС Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 96-бабы талаптарына сәйкес 2026 жылғы 22 қыркүйекте сағат 11:00-де Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе ауылы, Құбыла көшесі, 57 Мәдениет үйі «Маң-ғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, Қызылтөбе ауылы, Бірлік елді мекенінен, №3 өндірістік аймақ, №86 жер телімінде орналасқан «Асфальт-бетон зауыт қондырғысының құрылысын салу» (Сыртқы инженерлік желілерсіз және сметалық құжаттамасыз) нысаны бойынша ықтимал әсерлер туралы есепті талқылау жөнінде ашық жиналыс нысанындағы қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Қоғамдық тыңдаулардың бірыңғай экологиялық порталындағы <https://ndbecology.gov.kz/> «Жарияланған қоғамдық тыңдаулар» бөлі-мінде, сондай-ақ жергілікті атқарушы органның ресми интернет-ресурсында – Маң-ғыстау облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқарма-сының <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau-eco?lang=kk> сайтында танысу-ға болады.

Аталған жоба бойынша ескертулер мен ұсыныстарды Маңғыстау облы-сының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасына (ҚР, Маңғыстау облысы, 130000, Ақтау қаласы, 14-шағынаудан, 1-ғимарат) келесі электрондық поштасына жолдауға болады: s.bazarbay@mangystau.gov.kz, mangystautabigat@gmail.com.

Қосымша түрде келесі сілтеме арқылы ZOOM платформасында онлайн режимде қатысу мүмкіндігі қарастырылған: <https://us06web.zoom.us/j/88516752586?pwd=llhPTJ9cQZlvbv49Z7tbhULhTa1yy.1>

Конференция идентификаторы: 885 1675 2586

Кіру коды: 235469

Жоспарланып отырған қызметтің бастамашысы: «Компания Тамшалы» ЖШС, БСН 990440007987, телефон +7 701 682 8205.

Жобаны әзірлеуші: Арустамова Е.Р. ЖК, Ақтау қ., 14-22-50, тел. +7 7701 367 80 71, әп. пошта: a.ekaterina14@mail.ru.

Қосымша ақпаратты келесі электрондық пошта мекенжайы мен телефон нө-мірі арқылы алуға болады: a.ekaterina14@mail.ru, +7 (701) 367 80 71

Учаскенің географиялық координаттары: 43°40'3.40"С, 51°19'37.19"В

Әсер ету аумағының географиялық координаттары: 43°40'9.44"С, 51°20'38.90"В

М.Ж. МУСІЕВТЫҢ атына берілген №2-3268 16.05.2017 ж. жер телімін сату-сатып алу шарты жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын

ШОРАЕВ ЖОЛДАСКАЛИ СУНДЕТОВИЧТІҢ қайтыс болуына жә-не мұралық іс ашылуына байланысты оның мұрагерлерін іздейміз. Бір ай мерзімде мұрагерлерін мына мекен-жайы бойынша нотариуске хабарласуыңызды сұраймын: Маңғыстау ауданы, Шетпе селосы, Орта-лық ш/а №1 үй, 4 пәтер. НОТАРИУС Г.А.Ауданбаева.